- ГАЗДЫҢ АҒЫП КЕТУ ОРЫНДАРЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ОТТЫ ПАЙДАЛАНУ;
- ОТЫНДА АУА БОЛМАҒАНДА ЖӘНЕ ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚАЗАНДЫҚҚА СУ ТОЛТЫРМАЙ, ГАЗ ЖАНАРҒЫСЫН ОТТАУ;
- ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СУ АЙНАЛЫМЫ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА ҚАЗАНДЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ;
- БЛОКТЫ БАСҚАРУ ТҰТҚАСЫНЫҢ «ЖАБЫҚ» ДЕГЕН ҚАЛЫПТА ТҰРУЫН ТЕКСЕРМЕЙ, ГАЗ ӨТКІЗГІШІНДЕГІ КРАНДЫ АШУ;
- ГАЗ ЖАНАРҒЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨЗ БЕТІНШЕ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРТУЛЕРДІ ЕНГІЗУ;
- ГАЗ ЖАНАРҒЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНЕН МЕТАЛЛ НЕМЕСЕ БАСҚА ДА ЗАТТАРМЕН ТАРСЫЛДАТУ.

2.1.2 Қазандықтың көлемі және оны сырттай тексерудің реттілігі.

Қазандықтың қаптамасын ашып, оның механикалық бұзушылықтарының жоқ болуына көз жеткізуіңіз қажет. Бұйымның жинақталуын 1.2.1-тармаққа сәйкес тексеріңіз.

2.1.3 Қазандықты орналастыру және монтаждау бойынша қойылатын талаптар мен нұсқаулар.

2.1.3.1 Газды жеткізуді, қазандыққа профилактикалық қызмет көрсетуді және жөндеуді мамандандырылған ұйым және газ шаруашылығының жергілікті басқармасы РФ Мем-техқадағалау бекіткен «Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелеріне» және құрылыс нормалары мен СНЖЕ ережелеріне сәйкес жүргізеді.

Жылыту суының мәжбүрлі айналымы бар қазандықты және міндетті түрде кеңейткіш бакты және сақтандырғыш клапанды орната отырып, жабық түрдегі жылыту жүйелерінде пайдаланған кезде (сақтандырғыш клапан қазандықтан ешқандай бекіту құрылғысымен ажыратылмауы тиіс).

Қазандық орналастырылатын үй-жайдың көлемі СП41-108-2004 сәйкес болуы қажет.

Қазандықтың сырты мен үй-жайдың қабырғалары арасындағы арақашықтық кемінде мынадай болуы тиіс:

- артқы жағынан, оң және сол жақтарынан - 150 мм;
- алдыңғы жағынан - 900 мм.

Қазандық орнатылатын үй-жайда еден мен төбенің жанындағы ойықтар арқылы жану және желдету үшін қажетті ауаның келіп түсуін қарастыру қажет.

Ойықтың тесіктерінің жиынтық ауданы әрбір 225 Вт қуатқа 1 см² есебінен таңдалады.

Мысалы, КОВ- 12,5СКС – қазандықтың қуаты - 12,5 кВт.

Ендеше ойық тесіктерінің көлемі мынадай болуы тиіс:

$$F = \frac{N_{от}}{225} = \frac{12500}{225} = 55,6 \text{ см}^2$$

Үй-жай профилактикалық жұмыстарды жүргізу кезінде қазандыққа кедергісіз жақындау үшін жеткілікті дәрежеде кең және температура бойынша 1.1-тармақта баяндалатын талапқа сәйкес болуы тиіс.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ҚАЗАНДЫҚТЫ ЖАНАСШҰҢҚЫР ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ.
Монтаждау және пайдалану алдында осы нұсқаулықтағы ережелер мен нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.

Қазандықты монтаждау, пайдалану бойынша нұсқама жұмысы, жұмысқа қосу, профилактикалық қызмет көрсету және жөндеу Ростехқадағалаудың 2013 жылғы 15 қарашадағы №542 бұйрығына, құрылыс нормалары мен ережелері мен СНЖЕ 41-01-2003 және СП 41-108-2004 РФ Мемқұрылыс ережелеріне сәйкес қазандықты орнатуға бақылау талонын міндетті түрде толтыра отырып жүргізіледі.

Қазандықты газ магистраліне қосу артқы қабырғадағы тесік арқылы шығатын сиффонды шланг арқылы жүргізіледі. Қосылу орындарының герметикалығын сабындау арқылы тексеріңіз.

Газдың ағуын анықтау үшін жалын немесе ұшқын қолдануға тыйым салынады. Бұл мақсат үшін сабын көбігін, арнайы арналған сұйық құрамдар немесе арнайы ағыс іздеушілер ғана қолдануға болады.

КОВ-СКВС "Сигнал" қазандықтарына арналған жылыту жүйесінің шығу келтеқұбырында жүйеңізден өтетін диаметрі бар шар кранын орнатыңыз. Кран жылыту жүйесін ажырату және жылытылмайтын кезеңде ыстық сумен жабдықтау жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету үшін қажет.

ҚАЗАНДЫҚТЫ ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІМЕН ЖӘНЕ ГАЗ МАГИСТРАЛІМЕН ҚОСУ ҚАЗАНДЫҚТЫ АЖЫРАТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БҰРАНДАЛЫ СИПАТТА БОЛУЫ ТИІС.

Газбен жабдықтау жүйесін монтаждау кезінде пайдаланылатын материалдар (құбырлар, фитингтер, сүзгілер және т.б.) сертификатталған және қолдануға рұқсат етілген болуы тиіс.

Жылыту жүйесі құбырларының көлденең учаскелерін қыздыру аспаптары (жылыту радиаторлары) жағына және қыздыру аспаптарынан қазандыққа қарай 1 м-ге кем дегенде 10 мм еңістікпен орындау қажет.

Қазандықты жылытылмайтын үй-жайда орнату кезінде немесе ашық кеңістік немесе жылытылмайтын үй-жай арқылы құбыржолдар өту кезінде оларды жылулығын сақтайтындай етіп мұқият орап тастау қажет.

Кеңейткіш бөшкелер тіреудің жоғарғы нүктесінде, мүмкіндігінше жылытылатын үй-жайда орнатылады. Жылытылмайтын үй-жайда бөшкелерді орнату кезінде құбыр өткізгіштерді, бөшкелерді және ағызатын құбырларды жылулығын сақтайтындай етіп мұқият орап тастау қажет.

Жылыту жүйесінде ауа «тығыны» пайда болуы мүмкін учаскелер болмауы тиіс.

Құбырлар, жылыту аспаптары (жылыту радиаторлары) және жалғау орындары герметикалық болуы тиіс, су ағуға жол берілмейді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Осы нұсқаулықта көрсетілген ережелер бұлызған жағдайда қазандықты кепілденген жөндеуге қабылдамайды.



ЕШҚАШАН ТАРТУ КҮШІ ДАТЧИГІМЕН ӨЗ БЕТІҢІЗШЕ МАНИПУЛЯЦИЯЛАР ЖАСАУШЫ БОЛМАҢЫЗ!


Тарту күші бойынша қауіпсіздік датчигі 2-суретке сәйкес терезеде орналасуы тиіс, терезенің қабырғаларына жанасуға жол берілмейді.

Қазандықты газбен жабдықтау жүйесіне қосқаннан және жылыту жүйесінің жылу тасымалдағышымен толтырғаннан кейін мамандандырылған сервис орталығының немесе газ шаруашылығының жергілікті басқармасының қызметкерлері қауіпсіздік автоматикасын және температуралық режимдердің бапталуын реттеуі және іске қосылуын тексеруі тиіс.


2.1.4 Жылыту жүйесіне қойылатын талаптар.

2.1.4.1 Монтаждауды бастамас бұрын және пайдаланар алдында жылыту жүйесін бірнеше рет сумен шайып алу қажет.

Кеңес берілетін монтаждау сызбалары төменде көрсетіледі.



4-сурет - ГВС сұлбасы бар қазандықты табиғи циркуляциясымен жүйеге монтаждау



5-сурет - ГВС сұлбасы жоқ қазандықты табиғи циркуляциясымен жүйеге монтаждау

Монтаждау кезінде пайдаланылатын материалдар кірден, тоттан, қабыршақтан және т. б. тазартылуы тиіс.

Жылыту, ыстық сумен жабдықтау жүйесінде құбырлардың әр түрлі түрлері қолданылуы мүмкін: мыс, болат, алюминий фольгасымен пластик және т. б.

Қазандыққа жылыту кері судың кіреберісінде сүзгі (шлам жинағыш, торлы сүзгіші бар кір жинағыш) орнату және бұл сүзгіні мерзімді тазалап отыру қажет.

Жабық типті жылыту жүйелерінде кеңейткіш бакты және сақтандырғыш клапанды (1,5bar) орнату міндетті шара болып табылады. Сақтандырғыш клапан аппараттан ешқандай бекіту құрылғысымен ажыратылмауы тиіс.

Монтаж аяқталғаннан кейін гидравликалық сынақтар жүргізіп, ықтимал ағуларды жойыңыз.

Ішкі қабырғаларда жылу алмасуды нашарлататын және ПӘК (пайдалы әрекет коэффициенті) азайтатын қақтың пайда болуын, сондай-ақ қазандықтың жылу алмастырғышының коррозиясын болдырмау үшін, қазандық пен жылыту жүйесін РД 24.031.120-91 талаптарына сәйкес, СанЕЖН 2.1.4.1074-01 талаптарына сәйкес келетін ауыз сумен немесе арнайы дайындалған, мысалы, дистиллирленген сумен толтыру қажет.

Суды химиялық тазалау бойынша білікті мамандармен кеңесіңіз.



Үй-жайлардағы теріс температура кезінде жылыту жүйесін ерітуді болдырмау мақсатында судың орнына 0 °C төмен температура кезінде жылыту жүйелерінде пайдалануға рұқсат етілген және тиісті жағдайларда қолдануға сертификатталған сұйықтықтарды қолдану ұсынылады.

ЖЫЛЫТЫЛМАЙТЫН КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАНДЫҚ ПЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІНЕН СУДЫ АҒЫЗБАҒЫЗ.

Судың буланып кетуіне қарай кеңейткіш бөшкеге су құйып қосып отырыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШТЫҢ КІРЕ БЕРІСІНДЕ ЖӘНЕ ШЫҒУЫНДА БЕКІТУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ БОЛҒАН КЕЗДЕ ЖӘНЕ ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШҚА НЕ ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШ ПЕН БЕКІТУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ АРАСЫНДА ОРНАТЫЛҒАН 1,5 bar АВАРИЯЛЫҚ-ШЫҒАРУ КЛАПАНЫ БОЛМАҒАН КЕЗДЕ ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШТАН СУ АҒЫП КЕТУ ЖАҒДАЙЫНДА ШАҒЫМДАР ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.

2.1.5 Түтінді кетіру жүйесіне қойылатын талаптар.


2.1.5.1 Табиғи тарту күшін қамтамасыз ету үшін түтінді кетіру жүйесіне мынадай талаптар қойылады:

Мұржаның биіктігі қазандық отынында 1-кестеде көрсетілгендей ауа сейілуін (тарту күшін) қамтамасыз ететіндей, қазандықтың от жағу камерасы деңгейінен кемінде 3 м биік болуы тиіс.

Құрылыста дәнекер құбырдың түтін құбыры болған жағдайда оны мынадай шарттарға қарап таңдайды:

- мұржаның тік бөлігі (разгон) 6-суретке сай болуы;
- жалғастырғыш құбырдың көлденең бөлігі 3 метрден артық болмауы тиіс, бірақ мұндайда мұржаның қажетті биіктігі көлденең бөлікке тең болатын ұзындықта ұлғайтылады;
- мұржаның көлденең қимасы қазандықтың жалғастырғыш құбырынікінен кем болмауы қажет.

Монтаждаудың ұсынылатын сызбасы төменде көрсетілген.



6-сурет – Мұржаны монтаждау сызбасы

Мұржаның сыртқы бөлігі жуандығы кемінде 20 мм болатын термооқшаулау материалымен қабатталуы тиіс.

Түтінді шығару жүйесінің дұрыс орындалғаны оның тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, қызмет ету мерзімін ұзарта түседі.

2.1.6 Ыстық суды алу сұлбасы бар қазандықтар үшін су тарату орындарында ыстық су температурасына қойылатын талаптар.

2.1.6.1 Су тарату нүктесіндегі ыстық судың температурасы 60°C аспауы тиіс. Бұл талап температураны реттеуіш тұтқасын су айырудың белгіленген режимі кезінде судың қызу температурасын 60°C-тан аспайтын жағдайға орнатумен қамтамасыз етіледі.



90°C ЕҢ ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРАҒА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН РЕТТЕГІШ ТҰТҚАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫНДА СУ АЙЫРУДЫҢ БЕЛГІЛЕНБЕГЕН РЕЖИМІНДЕ ЫСТЫҚ СУДЫҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫ 60°C ЖОҒАРЫ БОЛУЫ МҮМКІН.

2.1.7 Бұйымды орналастыру және жұмысқа дайындау.



ҚАЗАНДЫҚТЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ ТЕК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАҒА СӘЙКЕС АВТОРИЗАЦИЯЛАНҒАН ПЕРСОНАЛМЕН ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС!

2.1.7.1 Бұрандалы жалғастырғыштар арқылы жылыту жүйесіне қазандықты қосыңыз (қараңыз: 1-кесте).

- Қазандықты түтін құбырына жалғаңыз (түтін құбырының диаметрі – қараңыз: 1-кесте).
- Газ клапанын құбыр арқылы газ құбырына қосыңыз.
- Пьезо тұтандыру батырмасын басып, ұшқынның шығатынына көз жеткізіңіз.

Қазандықты газбен жабдықтау жүйесіне қосқаннан және жылыту жүйесінің жылу тасымалдағышымен толтырғаннан кейін мамандандырылған сервис орталығының немесе газ шаруашылығының жергілікті басқармасының қызметкерлері қауіпсіздік автоматикасын және температуралық режимдерді баптауларды реттеуі және іске қосылуын тексеруі тиіс.

2.2 Қазандықты іске қосу.

2.2.1 Қазандықты алғаш рет іске қосу келесі ретпен қазандықты орнату кезінде авторизацияланған персоналмен (сервистік қызмет) мынадай тәртіпте орындалады:

Жылыту жүйесін сумен толтырыңыз.

1) Қақпағын ашыңыз.

2) Тарту күшін және арынды өлшейтін құрал көмегімен тарту күшінің бар болуы тексеріңіз (қараңыз: қазандықтың паспорты).



ТАРТУ КҮШІ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА ГАЗ ЖАНДЫРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ТҰТАНДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ.

3) Реттегіштің тұтқасы «СӨНДІРІЛДІ» деген қалыпта тұрғанына көз жеткізіңіз.



630 EUROSIT



710 MINISIT

4) Жалғанған газ құбырында газ кранын ашыңыз.

5) Реттегіш тұтқасын «Тұтандырғыш жанарғы» («*», PILOT) деген қалыпқа бұраңыз.



630 EUROSIT



710 MINISIT

6) Реттегіш тұтқасына (710 MINISIT үшін – тұтандыру батырмасы) қатты басып, оны сол қалыпта кемінде 1 минут ұстап тұрыңыз (газ құбырынан ауаны шығару үшін).



630 EUROSIT



710 MINISIT

7) Реттегіш тұтқасын жібермей, тұтандырғыш жанарғының пьезо тұтандыру батырмасын («») басыңыз, тұтандырғыштың жанғанына көз жеткізіңіз, тұтқаны кемінде 40 секунд уақыт бойы ұстап тұрыңыз.



630 EUROSIT

710 MINISIT

8) 630 EUROSIT және 710 MINISIT үшін – блок тұтқасын сағат тіліне қарама-қарсы бағытта «1» деген қалыпқа бұраңыз – негізгі жанарғылар кіші жалынмен жануы тиіс.



630 EUROSIT



710 MINISIT

9) Түтін құбыры (мұржа) жылынып, жылыту жүйесінде судың айналуы басталатынын күтіңіз (мұржаның және аппаратқа өтетін құбыр өткізгішінің жылынуын анықтаңыз).

10) Жылыту жүйесі жылытылған соң, температураны реттегіш шкаласын жылжытып отырып, шығатын суға 40-90°C аралығында қажетті температураны белгілеңіз.

11) Қақпағын орнына орнатыңыз.



ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШТЫҢ ЖӘНЕ ТҮТІН МҰРЖАСЫНЫҢ СУЫҚ ҚАБЫРҒАЛАРЫНДА ҚАЗАНДЫ ЖАҒУ КЕЗІНДЕ СУ КОНДЕНСАТЫ ТҮЗІЛЕДІ, ОЛ ҚАЗАНДЫҚ ОТТЫҒЫНА ТҮСЕДІ, ЖЫЛУАЛМАСТЫРҒЫШТЫ ЖӘНЕ ТҮТІН МҰРЖАСЫН ҚЫЗДЫРУ КЕЗІНДЕ СУ КОНДЕНСАТЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ТОҚТАТЫЛАДЫ.



АВТОМАТИКАСЫ БАР ҚАЗАНДЫҚТЫ ІСКЕ ҚОСУ БОЙЫНША ВИДЕО-НҰСҚАУЛЫҚ 630 EUROSIT



АВТОМАТИКАСЫ БАР ҚАЗАНДЫҚТЫ ІСКЕ ҚОСУ БОЙЫНША ВИДЕО-НҰСҚАУЛЫҚ 710 MINISIT

2.3 Отключение котла.

Қазандықты өшіру келесі ретпен орындалады:

1) Қақпақты ашыңыз.

2) Қазандықты өшіру төмендегіше іске асырылады:

- 630 EUROSIT үшін – реттегіш тұтқасын «●» қалпына келтіріңіз.

- 710 MINISIT үшін - «●» батырмасын басыңыз.



ҚОРҒАНУДЫҢ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫНАН ТУЫНДАҒАН ҚАЗАНДЫҚТЫ ӨШІРУ КЕЗІНДЕ (ТАРТУ КҮШІНІҢ БОЛМАУЫ, ЖЫЛУ ТАСЫМАЛДАҒЫШТЫҢ ҚЫЗУЫ) ҚАЙТАДАН ҚОСУ ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ТОҚТАУЫН ТУЫНДАТҚАН СЕБЕПТЕРДІ ЖОЙҒАННАН KEЙІН ЖҮРГІЗІЛСІН!

3) Газ келтіру құбырында газ кранын жабыңыз.

4) Қақпақты орнына қойыңыз.

Мынадай жағдайларда:

ЕГЕР ТҰТАНДЫРҒЫШ ЖАНАРҒЫ ӨШІП ҚАЛА БЕРСЕ, ОТАЛДЫРУҒА БІРНЕШЕ РЕТ ӘРЕКЕТ ЖАСАҒАННАН KEЙІН БАРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІ ТОҚТАТЫП, ГАЗ КЕЛТІРУ ҚҰБЫРЫНДА ГАЗ КРАНЫН ЖАУЫП, ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕМЕСЕ СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНУ ҚАЖЕТ!

2.4 Орын алуы мүмкін бұзушылықтар және оларды жоюдың әдістері.

2.4.1 Орын алуы мүмкін бұзушылықтар және оларды жоюдың әдістері төменде келтіріледі.

Болуы мүмкін бұзушылықтардың атауы	Бұзушылықтардың себебі	Оларды жоюдың әдісі	Кім орындайды
1	2	3	4
Қазандықтағы судың температурасы 90°C, ал жылыту радиаторлары суық.	Жылыту жүйесіндегі судың айналымы мүлде жоқ немесе өте әлсіз.	Жүйеге су толықтыру қажет. Жүйеден ауаны шығару қажет. Жылыту жүйесінде еңістіктердің сәйкеспеушілігін жою қажет.	Қазандықтың иесі. Қазандықтың иесі. Қазандықтың иесі.
Қазандықтың тұтандырғыш жанарғысын жағу кезінде пьезотұтандырғыштың түймесі жұмыс істемейді.	Пьезо тұтандырғыш жүйесі бұзылды.	Пьезотұтандырғыштың ақаулы элементін ауыстыру (ақаулықты анықтаған сәттен бастап ақаулықты жойғанға дейін пьезо-оталканы, қағаз жгутты немесе сіріңке жағуды пайдалану).	Жөндеуші шебер.
Қазандықты жағу кезінде электр магниттік клапан ашық күйінде ұсталмайды, тұтқаны босатқаннан кейін тұтандырғыш жанарғы өшіп қалады.	Электр магниттік клапан термопардың электр тізбегінің үзілуі. Термопара ЭДС қажетті шамадан аз өндіреді. Электр магниттік клапан ақаулы.	Сымның бүтіндігін, қазандық массасына тұйықталудың болмауын тексеру. Термопарды ауыстыру. Газ клапанын ауыстыру.	Қазандық иесі. Жөндеуші шебер. Жөндеуші шебер.
Тұтқаны "Тұтандырғыш" күйіне басқан кезде тұтандырғыш жанбайды немесе негізгі жанарғыларды жағу кезінде қатты тарс еткен дыбыс шығады.	Газ сүзгісінің бітелуі. Тұтандырғыш жанарғының шүмегі бітелді.	Жанарғы кірісіндегі сүзгіні тазарту. Тұтандырғыш жанарғының шүмегін тазарту.	Жөндеуші шебер. Жөндеуші шебер.

1	2	3	4
Негізгі және тұтандырғыш жанарғылар өшіп қала береді.	Газ берілуінің сөніп қалуы. Қазандық оттануында кері тарту күші. Қазандықта судың қызып кетуі.	Жанарғылардың сөну себебін анықтау. Жанарғылардың сөну себебі жойылғаннан кейін жанарғыларды оталдыру.	Қазандық иесі және жөндеуші шебер.
Қазандықта су температурасы жоғарылап кеткен кезде негізгі жанарғылар сөнбейді.	Капиллярлық термостаттың манометриялық түйінінің босап кетуі.	Капиллярлық термостатты ауыстыру.	Жөндеуші шебер.

2.5 «Техникалық қызмет көрсету»

Техникалық қызмет көрсетуді "Сигнал-Теплотехника" ЖШҚ авторалдырылған сервис орталықтарының қызметкерлері немесе газ жабдығымен жұмыс істеуге рұқсат алуға аттестатталған мамандандырылған ұйымдардың персоналы жүргізуі тиіс. Техникалық қызмет көрсетудің ұсынылатын кезеңділігі он екі айда бір реттен сиретпей және міндетті түрде жылыту маусымы басталар алдында. Техникалық қызмет көрсетуді жиі жүргізу жергілікті пайдалану жағдайларына, жылу жүктемесіне және қазандық бөлшектері мен тораптарының техникалық жағдайына байланысты және оны пайдаланушы ұйымның мамандары анықтайды. Техникалық қызмет көрсетуді жүргізу нәтижесі Техникалық қызмет көрсетуді жүргізу есебінің 10-тармағында жазылады.

Жұмыс түрлері	Жұмыстардың мазмұны	Мерзімділігі	Ескерту
1	2	3	4
тұтандыру (пилоттық) оттығына қызмет көрсету	тұтандыру оттығының газ құбырын тазалау	қажет болған жағдайда	ылғал мөлшері жоғары газ беру кезінде
	ауа беру саңылауларынан шаңды кетіру	жылыту маусымы басталар алдында және одан әрі қажет болған жағдайда	үй-жайда шаң аз болған кезде(қазандық орнатылған жерде) тазалауды тек жылыту маусымы басталар алдында жүргізуге жол беріледі
	оталдырғыштың газ құбырын жалғаудың қымтаулылығы	алғаш іске қосу кезінде, жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет және одан әрі қажет болған жағдайда	Назар аударыңыз! Қымтаулықты тексеру тек қана сабындау арқылы немесе арнайы құрылғы — газ шығуының талдауыштарын қолдану арқылы жүргізіледі.

1	2	3	4
терможұпты тексеру	терможұп корпусының күйінің болмауына сыртқы тексеру	жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет және одан әрі қажет болған жағдайда	
негізгі оттық құбырларға қызмет көрсету	шаң мен басқа да механикалық бөлшектерді (кірді) жою	жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет	тазалау қажетті сақтық шараларымен жүргізіледі
газ коммуникациялар арының қымтаулығын тексеру	ағып кетудің барлық ықтимал орындары (бұрандалы қосылыстар және т. б.)	жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет және одан әрі қажет болған жағдайда	Назар аударыңыз! Қымтаулықты тексеру тек қана сабындау арқылы немесе арнайы құрылғы — газ шығуының талдауыштарын қолдану арқылы жүргізіледі.
жылу жүйесін тексеру	құбырлардың қажетті еңістерін сақтау	алғаш іске қосу кезінде	табиғи айналымы бар ашық жүйе
	қауіпсіздік тобының болуы және жұмыс қабілеттілігі (авариялық-арылту қысымтығыны, манометр, ауақайтарғы)	алғаш іске қосу кезінде, жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет және одан әрі қажет болған жағдайда	мембраналық кеңейту ыдысы бар жабық жүйе
	тиісті авариялық-арылту қысымтығының болуын тексеру (жабық жылыту жүйелерінде пайдалану кезінде)	алғаш іске қосу кезінде	жылыту жүйесіндегі судың жұмыс қысымы 0,13 МПа артық емес, авариялық-арылту қысымтығыны 1,5 bar
	жылыту жүйесінен ауаны кетіру	алғаш іске қосу кезінде	қажет болған жағдайда
	кеңейту бағында судың жеткілікті деңгейінің болуы	жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет және одан әрі қажет болған жағдайда	
мұржаны тексеру	мұржаның жылу оқшаулауының болуын тексеру	алғаш іске қосу кезінде	көзбен шолу

1	2	3	4
мұржаны тексеру	мұржадағы сиретуді (тартуды) тексеру	алғаш іске қосу кезінде және жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет	қыздырылған мұржада сирету (тарту) шамасы жоғары екенін ескеру қажет ретқыздырылған мұржада сирету (тарту) шамасы жоғары екенін ескеру қажет ретқыздырылған мұржада сирету (тарту) шамасы жоғары екенін ескеру қажет
газ қысымын тексеру	қазандыққа кіре берістегі жұмыс қысымын тексеру жүргізіледі	алғаш іске қосу кезінде, жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет және одан әрі қажет болған жағдайда	газ қысымына қойылатын талаптар пайдалану жөніндегі нұсқауда баяндалған
айдау-сору желдеткішінің жай-күйін тексеру	шаңнан (кірден) тазарту	жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет	қажет болған жағдайда
қауіпсіздік қадағаларының болуын және жұмыс қабілеттілігін тексеру	электрондық тізбекте қосылған қауіпсіздік қадағаларының болуына көзбен шолып қарау	жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет	тексеру тұтынушының пайдалану процесінде қауіпсіздік қадағаларын өз бетінше ажыратуын болдырмау мақсатында жүргізіледі
қазандықтың дұрыс орнатылуын тексеру	пайдалану жөніндегі нұсқаулықта баяндалған қазандықты орнатуға қойылатын талаптардың сақталуын көзбен қарап тексеру	алғаш іске қосу кезінде және жылыту маусымы басталар алдында жылына бір рет	орнатуға қойылатын талаптар пайдалану жөніндегі нұсқауда баяндалған

3. САҚТАЛУЫ

3.1 Қазандықтарды сақтау жабық үй-жайда қапталған күйде орындалуы қажет. Сақтау шарттарының жинағы МЕМСТ 15150-69 бойынша - 4 (Ж2).

3.2 Сақтаудың кепілденген мерзімі – өндірілген күннен бастап сақтау шарттарының сақталуымен 12 ай.

4. ТАСЫМАЛДАУ

4.1 Қазандықтарды қапталған күйде тасымалдау қажет.

- Қазандықтар көліктің нақты түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің кез келген түрімен тасымалданады.
- Қазандықтар қаптамада көрсетілген қалыпта ғана тасымалданады. Тасымалдау кезінде қазандықтардың көлденең және тік орын ауыстырулардан сенімді бекітілуін қарастыру қажет.
- Қазандықтар тиеу-түсіру жұмыстары мен тасымалдау кезінде атмосфералық жауын-шашынның әсеріне ұшырамауы тиіс.

5. ЖОЮ (КӘДЕГЕ ЖАРАТУ)

5.1 Қазандықтарды жоюға (кәдеге жаратуға) ерекше талаптар қойылмайды.

6. ӨНДІРУШІНІҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

6.1 ИБұйымды тасымалдау, сақтау, монтаждау және пайдалану ережелері сақтанған жағдайда, өндіруші қазандықтың мынадай талаптарға сәйкестігіне кепілдік етеді: ТН-4931-048-07508919-2000.

6.2 Өнімді пайдаланудың кепілдік мерзімі тасымалдау, сақтау, дұрыс монтаждау және пайдалану шарттары сақталса, соңғы тұтынушыға сатылғаннан бастап 36 айды құрайды.

Қосымша 12 ай кепілдік мерзімі (4 жылдық кепілдік) сату күнінен бастап 37ші айдан 48 айға дейін тек монтаж және іске қосу-баптау жұмыстары аймақтық авторизацияланған "Сигнал-Теплотехника» сервис орталықтарының мамандарымен орындалса және пайдалану жөніндегі нұсқауда жыл сайынғы техникалық қызмет көрсету туралы белгі бар болғанда беріледі.

Келесі қосымша 12 ай кепілдік мерзімі (5 жылдық кепілдік) сату күнінен бастап пайдаланудың 48 шы айынан 60шы айына дейін тек қазандықтың жылуалмастырғышына жоғарыда аталған шарттардың орындалуымен байланысты, сондай-ақ авариялық-ағызу клапаны немесе жылыту жүйесі бастапқы монтаждау кезінде аймақтық авторизацияланған "Сигнал-Теплотехника» сервис орталықтарының мамандарымен орындалса және қазандықты орнатудың қадағалау талонында белгі болса беріледі. Авариялық-ағызу (сақтандырғыш) клапаны бөлшек сату орындарында бөлек алынуы керек.

Келесі қосымша 12 ай кепілдік мерзімі (6 жылдық кепілдік) сату күнінен бастап пайдаланудың 60 шы айынан 72-ші айына дейін тек қазандықтың жылуалмастырғышына жоғарыда аталған шарттардың орындалуымен байланысты және сондай-ақ, пайдалану кезінде қолдану жөніндегі "Сигнал" сауда маркасының нұсқаулығына сәйкес дайындалған жылыту жүйесіндегі коррозия ингибиторы ұсынылған концентрациясымен болса және қазандықты орнату талонында голографиялық жапсырмалар болса. Коррозия ингибиторы бөлшек сату орындарында бөлек алынады.

Тұрақты техникалық қызмет көрсету өнімді пайдалану мерзімінде 12 айда бір реттен кем емес жүргізіледі және оның орындалуы тұтынушының есебінен жасалады немесе қызмет көрсету шартының бағасына кіруі мүмкін.

Кеңейтілген кепілдік (6 жылдық кепілдік) 01.01.2020 және 31.12.2021 жылдар аралығында жасалған қазандықтарға беріледі.

Жалпы өнімге кепілдік мерзімі өткеннен кейін тораптар мен жинақтауыштарға кепілдік осы бөлшектерге арналған ілеспе техникалық құжаттамаға сәйкес беріледі.

Кепілдік жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде келесі қағидатты басшылыққа алу қажет:

- жылу алмастырғыш істен шыққан кезде жылу алмастырғыш ауыстырылуға жатады;
- автоматика элементтері істен шыққан кезде тек осы бөліктер ауыстырылуға жатады, қазандық ауыстыруға жатпайды.

Кепілдік келесі шарттар міндетті түрде сақталған жағдайда ғана жарамды болады:

- монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын, қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерін (ҚНЖЕ), мемлекеттік стандарттарды (МЕМСТ), жергілікті нормалар мен өнімді монтаждау және пайдалану жөніндегі басшылықтың ұйғарымдарын сақтай отырып, РФ Өңірлік даму министрлігінің 30.12.2009 жылғы № 624 бұйрығына сәйкес жұмыс түрлеріне рұқсат беру туралы куәлігі бар ұйым мамандары, осы жұмыс түрін жүргізуге арналған сондайақ РФ заңнамасына сәйкес берілген басқа да рұқсат құжаттары мен лицензиялары бар ұйым мамандары жүргізуі тиіс;
- монтаждалғанға дейін өнім құрғақ үй-жайда сақталуы тиіс;
- соңғы тұтынушының өнімнің пайдалануға енгізілгенін растайтын толтырылған кепілдік талоны мен қазандықты орнатуға бақылау талоны болады.

6.3 Кепілдік міндеттемелер мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген өнімді сақтау, тасымалдау, орнату, пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету ережелерін бұзу;
- толтырылған кепілдік талонының және қазандық орнатуға бақылау талонының болмауы;
- жыл сайынғы сервистік техникалық қызмет көрсетуден өткені туралы белгінің болмауы (өнімді пайдалануға берген күннен бастап 14 ай өткен соң);
- өнімнің жұмыс істеу қабілеттілігінің бұзылуына әкеп соққан құрамдас бөліктерін дербес жөндеу, бөлшектеу, ауыстыру;
- осы жұмыстарды жүргізуге тиісті рұқсаты жоқ тұлғалардың өнімді монтаждау, іске қосу-баптау, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- монтаждау және пайдалану процесінде өнімді механикалық зақымдау;
- қазандық бетіне агрессивті химиялық зат және т. б. түсуден туындаған зақымданулар;
- қазандық конструкциясына өзгерістер енгізу;
- судың қатуынан болған зақымданулар;
- қазандық ішіне бөгде заттардың, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және т. б. түсуінен туындаған зақымданулар;
- табиғи апаттан, өрттен, тұрмыстық факторлардан туындаған зақымданулар;
- өнімнің бөлшектері мен тораптарында қақтың пайда болуы себебінен жабдықтың зақымдануы немесе нашарлауы;
- газ немесе сумен жабдықтау желілері параметрлерінің жол берілмейтін бір жолғы немесе жүйелі өзгеруі;
- өнімді мақсатқа сай емес пайдалану.

Кепілдік шарттарымен таныстым _____ (_____)
сатып алушының қолы сатып алушының Т.А.Ә.

ТҰТЫНУШЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазандықтың кепілді жөндеуі ақаулық фактісі жедел желі телефоны бойынша тіркелген соң ғана орындалады.

☎ 8 800 200 52 55 (қоңырау шалу тегін).

Қазандықтың қызмет ету мерзімі - осы басшылықтың талаптары орындалған жағдайда өндіріс күнінен бастап кемінде 15 жыл.



ҚАЗАНДЫҚ КЕДЕНДІК ОДАҚҚА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ НАРЫҒЫНДАҒЫ ӨНІМ АЙНАЛЫМЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ БЕЛГІСІМЕН ТАҢБАЛАНҒАН. ҚАЗАНДЫҚҚА ЖЕЛІМДЕЛГЕН МАРКАНЫ ЖӘНЕ БІРЫҢҒАЙ БЕЛГІНІ ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ІШІНДЕ САҚТАУ ҚАЖЕТ.

6.4 Жоғары температура мен агрессивті ортаның әсерінен болатын қазандықтың құрамдас бөліктері (газ-кесу құбырлары, термопаралар, электрод жағу пьезі) қызмет ету мерзімі ішінде қажеттілігіне қарай ауыстырылады.

6.5 Қазандықтарға кепілдік және кепілденген мерзімнен кейін қызмет көрсететін кәсіпорындардың мекен-жайлары Б қосымшасында көрсетілген.

6.6 Газ реттеу құрылғысының нашар тартымы мен ақаулары туралы пайдаланушы ұйымға дереу хабарлау тиіс.



ҮЙ-ЖАЙДА ГАЗДЫҢ ИІСІ ПАЙДА БОЛҒАН КЕЗДЕ ГАЗ ҚҰБЫРЫНДАҒЫ ГАЗ КРАНЫН ЖАБУ, ҮЙ-ЖАЙДЫ ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ҰЙЫМЫНЫҢ АВАРИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ШАҚЫРУ ҚАЖЕТ, БҰЛ РЕТТЕ ТЕМЕКІ ШЕГУГЕ, СІРІҢКЕНІ ЖАҒУҒА, ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

7. ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Сумен жылытатын қазандық - КОВ-_____СК_____ С «Сигнал». Зауыттық нөмірі _____ мемлекеттік стандарттардың, қолданыстағы техникалық құжаттаманың міндетті талаптарына сәйкес дайындалған және қабылданған, әрі пайдалануға жарамды деп танылған. Қазандық жалған бұйымдардан №_____ идентификациялық маркасымен қорғалған. Қазандық Кедендік Одақтың «Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін аппараттардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 016/2011 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді. Жылу алмастырғыш 0,2 МПа (2 кгс/см²) гидравликалық қысыммен беріктігі мен герметикалығына тексерілді.

Өндірілген күні _____
(күні, айы, жылы)

Цехтың өкілі _____
(жеке қолы, қолдың мәні (аты-жөні))

ОТК бастығы М.П. _____
(жеке қолы, қолдың мәні (аты-жөні))

8. КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ №

Қазандықтың моделі	КОВ-_____СК___С «Сигнал»	Сатылған күннен бастап кепілдік мерзімі	36 ай
Зауыттық нөмірі		Сатылған күні	
Сатушы фирма			
Сатушы фирманың мекен-жайы		Сатушы фирманың мөрі	
		Сатушының қолы	
Сатушы фирманың телефоны			

Голографиялық Ингибитор стикері коррозия «Сигнал»		Орнату белгісі қауіпсіздік көрсететін клапан максималды қысым	
---	--	--	--

ЖЫРТПАЛЫ ТАЛОН №3 «Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ		
Бұйым		Сатушы фирманың мөрі
Зауыттық нөмірі		
Кепілдік мерзімі		
Сатушы фирма		
Сатылған күні		

ЖЫРТПАЛЫ ТАЛОН №2 «Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ		
Бұйым		Сатушы фирманың мөрі
Зауыттық нөмірі		
Кепілдік мерзімі		
Сатушы фирма		
Сатылған күні		

ЖЫРТПАЛЫ ТАЛОН №1 «Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ		
Бұйым		Сатушы фирманың мөрі
Зауыттық нөмірі		
Кепілдік мерзімі		
Сатушы фирма		
Сатылған күні		

Құрметті сатып алушы!

«Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ Сіздің таңдауыңыз үшін үлкен алғыс білдіреді.

Бұл жылу қазандықтарының Сізге жайлылық сыйлап, тұрғын үйіңізді жылытуға материалдық шығындарды төмендететініне сенімдіміз, ал қазандықтың жұмыс сенімділігін үздік әлемдік үлгілерге сәйкес қанағаттандыратын болады.

Сенімділік, ұзақ мерзімділік, үнемділік және экологиялық пайдалану тазалығы мәселелері бізді алаңдатады, сондықтан біз қазандықтың техникалық сипаттамаларын одан әрі жақсартуға бағытталған кез келген ұсыныстарыңыз үшін сізге өте риза боламыз.

Түсініспеушіліктердің алдын алу үшін сізден осы «Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты» мұқият зерделеп, кепілдік талонның дұрыс толтырылуын тексеруіңізді сұраймыз. Сатылған күнінің және сатушының қолының, дүкеннің және дайындаушы кәсіпорынның мөрінің, қазандықты қабылдау және жинақтылығы туралы ресімделген куәліктің бар-жоғына назар аударыңыз.

Өндіруші кәсіпорын: «Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ
413110, Ресей Федерациясы, Саратов обл.,
Энгельсск ауданы, Приволжск РП, Дальняя көш., 5 «а» үй
тел./ факс (8453) 52-55-55, 76-28-19
жедел желі телефоны ☎ 8 800 200 52 55

«Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ	Тапсырыс нарядтың нөмірі	
	Бұйым	КОВ-_____СК_С «Сигнал»
РП мөрі	Зауыттық нөмірі	
Шебердің қолы	Келіп түскен күні	
	Жөндеу күні	
	Шебер	
	Ақаудың білінуі	

«Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ	Тапсырыс нарядтың нөмірі	
	Бұйым	КОВ-_____СК_С «Сигнал»
РП мөрі	Зауыттық нөмірі	
Шебердің қолы	Келіп түскен күні	
	Жөндеу күні	
	Шебер	
	Ақаудың білінуі	

«Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ	Тапсырыс нарядтың нөмірі	
	Бұйым	КОВ-_____СК_С «Сигнал»
РП мөрі	Зауыттық нөмірі	
Шебердің қолы	Келіп түскен күні	
	Жөндеу күні	
	Шебер	
	Ақаудың білінуі	

9. ҚАЗАНДЫҚТЫ ОРНАТУҒА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ

1 КОВ-_____ СК___С «Сигнал» қазандығын орнату күні _____ Зауыттық
№ _____

2 Орнатудың мекен-жайы _____

3 Қызмет етуші ұйымның атауы _____

Телефоны _____

Мекен-жайы _____

4 Монтаждауды кім жүргізді _____

5 Қазандықты реттеу және баптауды кім орындады (орнатылған жерде), ұйымның
мәртабаны _____

6 Газды қосу күні _____

7 Газ қосуды және нұсқауды кім жүргізді _____

8 Нұсқау тыңдалды, қазандықты пайдалану ережелері игерілді

(абоненттің тегі, есімі, әкесінің есімі)

_____ 202__ ж.

(абоненттің қолы)

9 Талонды толтырған адамның қолы _____

(тегі, есімі, әкесінің есімі)

_____ 202__ ж.

_____ (қолы)


А қосымшасы (анықтамалық)

Құрамындағы құнды және түрлі түсті металдар туралы мәлімет
Құнды металдар жоқ.

Б қосымшасы

КЕПІЛДІК БОЙЫНША ЖӨНДЕУДІ ЖҮРГІЗЕТІН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

1	Қазақстан Республикасы Қостанай қ. Және Қостанай облысы	«Газаппарат» ЖШС	Қостанай қ., Баймағамбетов көш., 326	+7(7142)-53-88-77
2	Қазақстан Республикасы	«Виаст» ЖШС	Орал қ., Ш. Айталиев көш., 4- ғимарат	+7(7112)-93-97-27 93-97-37
3	Қазақстан Республикасы	«Аква-монтаж» ЖШС	Ақтөбе қ., Асау- Барака көш., 55 А	+7(7132)-21-24-07 74-15-71
4	Қазақстан Республикасы	ЖК «Агротех»	Алматы қ., Халлиулин көш., 32	+7(727)-234-45-96
5	Қазақстан Республикасы	ЖК Л ЖКай С.Н.	Ақтау қ., Маңғыстау обл., 29 а ықш., "САҚ" әмбебап құрылыс базары дүкен № 15	+7(701)-503-19-65



Горячее сердце вашего дома!



ООО «Сигнал-Теплотехника»
413110 Российская Федерация,
Саратовская обл., г.Энгельс, ул.Дальняя, 5а



ТЕХНИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА 8-800-200-52-55
8(8453) 52-55-55, 52-77-00



sale@signal-teplo.ru
info@signal-teplo.ru



signalteplo.ru
signal-teplo.ru

8 800 200 52 55

Телефон технической поддержки
звонок по России бесплатный